KazakhExport

# «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ

2021 жылғы 30 маусым
аяқталған алты ай үшін
аралық қысқартылған
қаржы ақпараты

# Мазмұны


Аралық қысқартылған қаржылық ақпаратты шолу тексеру бойынша тәуелсіз аудиторлардың қорытындысы

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған есеп 5

Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған есеп 6

Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған есеп 7-8

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған есеп 9-10

Аралық қысқартылған қаржылық ақпаратқа ескертпелер 11-40

| **мың теңге** | **Ескертпе** | **Аудиттелмеген 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін** | **Аудиттелмеген 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін** |
|---|---|---|---|
| Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, брутто | 5 | 1,745,539 | 79,672 |
| Қайта сақтандырушыларға берілген есептелген сақтандыру сыйлықақылары | 5 | (2,100) | - |
| **Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, нетто** | | **1,743,439** | **79,672** |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резервтегі өзгеріс, брутто | 5 | (358,117) | 775,125 |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резервті өзгертудегі қайта сақтандырушылардың үлесі, брутто | 5 | (23,047) | (38,094) |
| **Еңбекпен тапқан сақтандыру сыйлықақылары, нетто** | | **1,362,275** | **816,703** |
| Төленген талаптар | 6 | (237,826) | (1,166,665) |
| Кері талап бойынша өтеу | 6 | 91,009 | - |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі өзгеріс, брутто | 6 | (2,661,776) | (966,410) |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылар үлесіндегі өзгеріс | 6 | (8,446) | (22,657) |
| **Төленген талаптар, нетто** | | **(2,817,039)** | **(2,155,732)** |
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер | 7 | 4,260,644 | 3,086,225 |
| Өзге де пайыздық кірістер | 7 | 28,821 | 22,921 |
| Пайыздық шығыстар | 7 | (8,925) | (10,300) |
| Кезеңдегі өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен түскен таза пайда | | 26,650 | 32,654 |
| Шетел валютасымен операциялардан түскен таза пайда | | 649,743 | 414,487 |
| Жалпы әкімшілік шығыстар | | (840,670) | (687,028) |
| Борыштық қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалдарды қалпына келтіру/(залал) | | 73,381 | (97,150) |
| Өзге операциялық кіріс, нетто | | 20,005 | 12,445 |
| **Салық салуға дейінгі пайда** | | **2,754,885** | **1,435,225** |
| Табыс салығы бойынша шығыс | 8 | (647,787) | (403,600) |
| **Кезең ішіндегі пайда** | | **2,107,098** | **1,031,625** |
| **Өзге де жиынтық кіріс** | | | |
| *Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:* | | | |
| Әділ құн өзгерістерінің резерві: | | | |
| - Әділ құнның таза өзгеруі | | 535,463 | (192,932) |
| - Пайда немесе залал құрамына көшірілген әділ құнның таза өзгеруі | | - | 3,368 |
| **Табыс салығын шегергендегі кезеңдегі өзге де жиынтық кіріс/(залал)** | | **535,463** | **(189,564)** |
| **Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс** | | **2,642,561** | **842,061** |

5-тен 40-қа дейінгі беттерде ұсынылған осы аралық қысқартылған қаржылық ақпаратты Басқарма 2021 жылғы 2 тамызда бекітіп, оның атынан қол қойды:

Р.В. Искаков
*Басқарма төрағасы*

Ж.К. Сарткожинова
*Бас бухгалтер*



Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған есеп осы аралық қысқартылған қаржылық ақпаратқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуға тиіс.

| мың теңге | Ескертпе | Аудиттелмеген 2021 жылғы 30 маусым | 2020 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 9 | 10,598,027 | 9,779,322 |
| Банктердегі депозиттер | 10 | 61,688,016 | 63,917,841 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар: | | | |
| - өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын | 11 | 34,584,449 | 19,928,909 |
| - амортизацияланған құны бойынша бағаланатын | 11 | 19,871,610 | 25,576,523 |
| - пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын | 11 | 750,009 | 727,495 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 12 | 2,331,344 | 1,818,877 |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылардың үлесі | 13 | 219,534 | 251,027 |
| Негізгі құралдар | | 121,989 | 122,212 |
| Ағымдағы салық активі | | 170,572 | 462,562 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | | 40,311 | 40,311 |
| Өзге активтер | | 291,963 | 247,818 |
| **Активтердің барлығы** | | **130,667,824** | **122,872,897** |
| | | | |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтер | 13 | 16,020,052 | 13,000,159 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | | 23,855 | 27,529 |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-нан алынған қарыз | | 80,708 | 71,876 |
| Өзге міндеттемелер | | 164,920 | 332,872 |
| **Міндеттемелердің барлығы** | | **16,289,535** | **13,432,436** |
| | | | |
| **МЕНШІКТІ КАПИТАЛ** | | | |
| Акционерлік капитал | 14 (а | 105,100,000 | 100,100,000 |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-нан нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыз бойынша қосымша төленген капитал | | 732,819 | 732,819 |
| Тұрақтандыру резерві | | 240,259 | 90,508 |
| Болжанбаған тәуекелдер резерві | | 11,374,919 | 7,544,808 |
| Бағалы қағаздардың әділ құны өзгерістерінің резерві | | (989,649) | (1,525,112) |
| Жинақталған залал/бөлінбеген пайда | | (2,080,059) | 2,497,438 |
| **Меншікті капиталдың барлығы** | | **114,378,289** | **109,440,461** |
| **Міндеттемелер мен меншікті капиталдың барлығы** | | **130,667,824** | **122,872,897** |



Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған есеп осы аралық қысқартылған қаржылық ақпаратқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуға тиіс.

| мың теңге | Аудиттелмеген 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін | Аудиттелмеген 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін |
|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | | |
| **Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда** | **2,754,885** | **1,435,225** |
| *Түзетулер:* | | |
| Қайта сақтандырушының үлесін шегергендегі резервтердегі өзгерістер | 3,051,386 | 252,040 |
| Дисконт пен сыйлықақының амортизациясы | (734,560) | (296,765) |
| Тозу және амортизация | 19,804 | 12,121 |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-нан алынған қарыз бойынша пайыздық шығыс | 8,925 | 10,300 |
| Борыштық қаржы активтерінің құнсыздануынан болған (залалды қалпына келтіру )/залалдар | (73,381) | 97,150 |
| Кезеңдегі өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен түскен таза пайда | (26,650) | (32,654) |
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер | (3,526,084) | (2,789,460) |
| Өзге де пайыздық кірістер | (28,821) | (22,921) |
| Бағамдық айырма | (649,743) | (414,236) |
| **Операциялық қызметтен бастап операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейінгі ақша қаражатының ағыны** | **795,761** | **(1,749,200)** |
| **Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы** | | |
| Банктердегі депозиттер | 2,713,235 | (21,863,954) |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | (510,925) | 336,753 |
| Өзге активтер | (52,153) | (39,473) |
| **Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы)** | | |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек | (3,674) | (45,197) |
| Өзге міндеттемелер | (167,492) | (83,334) |
| **Операциялық қызметтен алынған пайыздық кіріске және табыс салығын төлеуге дейінгі ақша қаражатының таза түсімі/(пайдаланылуы)** | **2,774,752** | **(23,444,405)** |
| Төленген табыс салығы | (355,797) | (403,600) |
| Алынған пайыздық кіріс | 3,655,407 | 544,086 |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі/(пайдаланылуы)** | **6,074,362** | **(23,303,919)** |



Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған есеп осы аралық қысқартылған қаржылық ақпаратқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуға тиіс.

| мың теңге | Аудиттелмеген 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін | Аудиттелмеген 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін |
|---|---|---|
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | | |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түскен түсімдер | 22,573,275 | - |
| Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу | (30,132,043) | (11,246,001) |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу | (11,221) | (20,543) |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының ағыны** | **(7,569,989)** | **(11,266,544)** |
| **ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | | |
| Акциялар шығару | 5,000,000 | 29,000,000 |
| Төленген дивидендтер | (2,704,733) | (2,355,586) |
| **Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының ағыны** | **2,295,267** | **26,644,414** |
| **Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза ұлғаюы/( азаюы)** | **799,640** | **(7,926,049)** |
| Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларының шамасына әсері | 19,065 | 357,886 |
| Кезең басындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары | 9,779,322 | 17,655,699 |
| **Кезең соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары** | **10,598,027** | **10,087,53** |



Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған есеп осы аралық қысқартылған қаржылық ақпаратқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуға тиіс.

| мың теңге | Акционерлік капитал | «Самұрық-Қазына» АҚ-нан нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыз бойынша қосымша төленген капитал | Тұрақтандыру резерві | Күтпеген тәуекелдер резерві | Бағалы қағаздардың әділ құны өзгерістерінің резерві | Бөлінбеген пайда/ жинақталған залал | Меншікті капиталдың барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2021 жылғы 1 қаңтардағы қалдық** | **100,100,000** | **732,819** | **90,508** | **7,544,808** | **(1,525,112)** | **2,497,438** | **109,440,461** |
| **Жалпы жиынтық кіріс** | | | | | | | |
| Кезең ішіндегі пайда, аудиттелмеген | - | - | - | - | - | 2,107,098 | 2,107,098 |
| **Өзге де жиынтық кіріс** | | | | | | | |
| *Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:* | | | | | | | |
| Әділ құнның таза өзгеруі | - | - | - | - | 535,463 | - | 535,463 |
| **Өзге де жиынтық кірістің барлығы** | **-** | **-** | **-** | **-** | **535,463** | **-** | **535,463** |
| **Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс** | **-** | **-** | **-** | **-** | **535,463** | **2,107,098** | **2,642,561** |
| **Меншік капиталының құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар** | | | | | | | |
| Акциялар шығару (14 (а) ескертпе) | 5,000,000 | - | - | - | - | - | 5,000,000 |
| Төленген дивидендтер (14 (в) ескертпе) | - | - | - | - | - | (2,704,733) | (2,704,733) |
| Болжанбаған тәуекелдер резервіне ауыстыру | - | - | - | 3,830,111 | - | (3,830,111) | - |
| Тұрақтандыру резервіне ауыстыру | - | - | 149,751 | - | - | (149,751) | - |
| **Меншік иелерімен жасалатын операциялардың барлығы** | **5,000,000** | **-** | **149,751** | **3,830,111** | **-** | **(6,684,595)** | **2,295,267** |
| **2021 жылғы 30 маусымдағы қалдық, аудиттелмеген** | **105,100,000** | **732,819** | **240,259** | **11,374,919** | **(989,649)** | **(2,080,059)** | **114,378,289** |



Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған есеп осы аралық қысқартылған қаржылық ақпаратқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуға тиіс.

| мың теңге | Акционерлік капитал | «Самұрық-Қазына» АҚ-нан нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыз бойынша қосымша төленген капитал | Тұрақтандыру резерві | Күтпеген тәуекелдер резерві | Бағалы қағаздардың әділ құны өзгерістерінің резерві | Бөлінбеген пайда | Меншікті капиталдың барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2020 жылғы 1 қаңтардағы қалдық** | **71,100,000** | **732,819** | **65,919** | **2,555,200** | **(1,263,767)** | **6,003,314** | **79,193,485** |
| **Жалпы жиынтық кіріс** | | | | | | | |
| Кезең ішіндегі пайда, аудиттелмеген | - | - | - | - | - | 1,031,625 | 1,031,625 |
| **Өзге де жиынтық кіріс** | | | | | | | |
| *Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:* | | | | | | | |
| Әділ құнның таза өзгеруі | - | - | - | - | (189,564) | - | (189,564) |
| **Өзге де жиынтық кірістің барлығы** | - | - | - | - | **(189,564)** | - | **(189,564)** |
| **Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс** | - | - | - | - | **(189,564)** | **1,031,625** | **842,061** |
| **Меншік капиталының құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар** | | | | | | | |
| Акциялар шығару (14 (а) ескертпе) | 29,000,000 | - | - | - | - | - | 29,000,000 |
| Төленген дивидендтер (14 (в) ескертпе) | - | - | - | - | - | (2,355,586) | (2,355,586) |
| Болжанбаған тәуекелдерді резервтен аудару | - | - | - | (827,967) | - | 827,967 | - |
| Тұрақтандыру резервінен аудару | - | - | 24,589 | - | - | (24,589) | - |
| **Меншік иелерімен жасалатын операциялардың барлығы** | **29,000,000** | - | **24,589** | **(827,967)** | - | **(1,552,208)** | **26,644,414** |
| **2020 жылғы 30 маусымдағы қалдық, аудиттелмеген** | **100,100,000** | **732,819** | **90,508** | **1,727,233** | **(1,453,331)** | **5,482,731** | **106,679,960** |



Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған есеп осы аралық қысқартылған қаржылық ақпаратқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуға тиіс

# 1 Есеп беретін кәсіпорын

## (а) Ұйымдастыру құрылымы және қызметі

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі, «Компания») Қазақстан заңнамасына сәйкес 2003 жылы Қазақстан Республикасында құрылған акционерлік қоғам болып табылады.

Компанияның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - «ҚРҰБ») 2018 жылғы 21 мамырда берген Сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған № 2.1.55 лицензиясы бар. Бұл лицензия Компанияға мынадай сыныптар бойынша ерікті сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

1) кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру;
2) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру;
3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, қаржы ұйымдарының залалдарын сақтандыру;
4) қарыздарды сақтандыру;
5) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 9) -11) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру; сондай-ақ
6) қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру.

Компанияның стратегиялық даму бағыттары экспортты қолдау құралдарын жетілдіруді, экспорттаушылардың санын ұлғайту үшін жағдай жасауды және операциялық тиімділікті арттыруды қамтиды.

Компанияның заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55А.

## (б Акционер

2021 жылғы 30 маусымдағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұдан әрі «Бас кәсіпорын» деп аталатын «Бәйтерек» Ұлттық Басқарушы Холдингі Компанияның шығарылған акцияларының 100%-ын иеленеді. Компанияның түпкілікті акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. акциялар пакетін беру туралы 2013 жылы 29 мамырдағы № 299-и шартқа сәйкес Компания акцияларының пакеті «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-на сенімгерлік басқаруға берілді. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару және ұлттық экономиканы дамыту жүйесін оңтайландыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығы бойынша құрылды.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания қызметкерлерінің саны 98 қызметкер (2020 жылғы 31 желтоқсан: 98 қызметкер).

## (в) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Компанияның қызметі көбінесе Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, Компанияның бизнесіне дамушы нарықтың ерекшеліктері тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары ықпал етеді. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің біркелкі болмауы тәуекелімен ұштасып отыр, олар жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа да заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Қазақстандық теңгенің құнсыздануы, әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының тұрақсыздығы және коронавирустық инфекцияның пандемиясы да шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының белгісіздік деңгейін арттырады.

Соңғы айлар ішінде Компанияның бизнесі тұрақты және оның қызметі үзілген жоқ. Компания ай сайынғы негізде сыртқы конъюнктураның қаржылық және тәуекел көрсеткіштеріне ықтимал теріс әсері бөлігінде жағдайдың өзектілігін бағалайды. Қызметінің үздіксіздігін қолдау үшін Компания қашықтан қол жеткізуді пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыруды жалғастырады және жергілікті жерлерде жұмыс істейтін қызметкерлердің денсаулығын қорғау үшін шаралар қабылдайды, оның ішінде жеке қорғану құралдарымен, қашықтықтан ұстау режимін сақтауды, Компания үй-жайларын дезинфекциялауды қамтамасыз етеді.

Ұсынылған аралық қысқартылған қаржылық ақпарат басшылықтың Қазақстанда бизнесті жүргізу шарттары Компанияның қызметіне және қаржылық жағдайына қандай әсер ететіндігіне көзқарасын көрсетеді. Шаруашылық жүргізудің болашақ жағдайларының нақты әсері олардың басшылығының бағалауынан ерекшеленуі мүмкін.

## 2 Есепке алу негіздері

### (а) Қолданылатын стандарттарға сәйкестігі туралы мәлімдеме

Осы аралық қысқартылған қаржылық ақпарат ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес дайындалды. Осы аралық қысқартылған қаржылық ақпараттың құрамына 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдық есепті кезеңнен кейін болған Компанияның қаржылық жағдайындағы және оның қызметінің нәтижелеріндегі өзгерістерді түсіну үшін қажетті елеулі оқиғалар мен операцияларды түсіндіретін таңдаулы ескертулер енгізілді.

Осы аралық қысқартылған қаржылық ақпаратта ашылуы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған толық жылдық есептілік үшін талап етілетін толық ақпарат жоқ.

### (б) Қаржы көрсеткіштерін бағалау қағидаттары

Аралық қысқартылған қаржылық ақпарат пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша және әділ құн бойынша көрсетілген өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалған.

### (в) Кәсіби пайымдауларды, есептік бағалар мен жорамалдарды пайдалану

Осы аралық қысқартылған қаржылық ақпаратты дайындау кезінде басшылық есептік саясатты қолдануға және қысқартылған аралық қаржылық ақпаратта ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың шамасына әсер ететін кәсіби пайымдауларды, жорамалдарды және есептік бағалауларды пайдаланды. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалардан ерекшеленуі мүмкін.

Компанияның есеп саясатын қолдану кезінде басшылық қалыптастырған неғұрлым маңызды пайымдаулар және есептік бағалауларға қатысты белгісіздіктің негізгі көздері соңғы жылдық қаржылық есептілікте сипатталғанға ұқсас, сондай-ақ 13-ескертпеде ашылған.

### (г) Функционалдық валюта және ақпарат беру валютасы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы қазақстандық теңге (бұдан әрі «теңге») болып табылады. Қазақстандық теңгені Компания басшылығы функционалдық валюта ретінде таңдады, өйткені қазақстандық теңге Компания жүргізетін операциялардың экономикалық мәнін және оның қызметіне әсер ететін мән-жайларды барынша жақсы көрсетеді. Қазақстандық теңге сондай-ақ осы аралық қысқартылған қаржылық ақпараттың деректерін ұсыну валютасы болып табылады.

Аралық қысқартылған қаржылық ақпараттың барлық деректері тұтас мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектелді.

# 3 Есеп саясатының негізгі ережелері

Осы аралық қысқартылған қаржылық ақпаратты жасау кезінде Компания 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті жасау кезінде қолданылатын есеп саясатының негізгі ережелерін пайдаланды.

Бірқатар жаңа стандарттар мен стандарттарға түзетулер 2021 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді, олар Компанияның аралық қысқартылған қаржылық ақпаратына айтарлықтай әсер етпеді:

- *Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау - 2-фаза (ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39, ХҚЕС (IFRS) 7, ХҚЕС (IFRS) 4 және ХҚЕС (IFRS) 16 түзетулері)*
- *COVID-19 пандемиясына байланысты жалға алу бойынша басқаға беру (ХҚЕС-ке түзету (IFRS) 16);*
- *Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланғанға дейінгі түсімдер (ХҚЕС (IAS) 16-«Негізгі құралдар» түзетулері);*
- *Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сілтемелер (ХҚЕС (IFRS) 3 түзетулері);*
- *Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу (ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері);*
- *Ауыртпалық шарттар - шартты орындауға арналған шығындар (ХҚЕС (IAS) 37 түзетулері);*
- *ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары».*

# 4 Сақтандыру тәуекелдерін басқару

Осы бөлімде сақтандыру тәуекелдері және Компанияның тәуекелдерді басқару тәсілі туралы жалпылама ақпарат берілген.

## (а) Тәуекелді басқару мақсаттары және сақтандыру тәуекелін азайту жөніндегі саясат

Компанияның сақтандыру тәуекелін басқару қызметінің сыни аспектісі болып табылады.

Компания жүзеге асыратын сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі қызмет тәуекелге тікелей ұшыраған тұлғалар немесе ұйымдар тарапынан шығындар тәуекелін қабылдауды көздейді. Мұндай тәуекелдер меншікке, міндеттемелерге, жазатайым оқиғаларға, жүк тасымалдарына, денсаулыққа, қаржылық немесе сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде туындауы мүмкін өзге де тәуекелдерге жатады. Осылайша, Компания шарт бойынша талаптардың мерзімі мен салмақтылығына қатысты белгісіздік тәуекеліне ұшырайды.

Компания сақтандыру сомасын шектеу, жаңа өнімдерді қамтитын немесе белгіленген лимиттерден асатын операцияларды мақұлдау рәсімдері, баға белгілеу жөніндегі нұсқаулықтар, қайта сақтандыруды орталықтандырылған басқару және туындайтын мәселелердің мониторингі арқылы өзінің сақтандыру тәуекелін басқарады.

Ықтималдық теориясы сақтандыру шарттары бойынша бағаларды айқындау және резервтерді есептеу үшін қолданылады. Негізгі тәуекел - шағымдардың кезеңділігі мен шамасы күткендегіден едәуір болады. Сақтандыру жағдайлары өзінің сипаты, кезеңділігі және нақты саны және кез келген жыл ішіндегі жағдайлардың шамасы бойынша статистикалық әдістерді пайдалана отырып бағаланған жағдайлардан ерекшеленуі мүмкін.

### *(i) Сақтандыру қызметі жөніндегі стратегия*

Компанияның сақтандыру қызметі бойынша стратегиясы теңдестірілген портфельді қамтамасыз ету мақсатында әртараптандыру болып табылады. Бірнеше жыл ішінде стратегия ұқсас тәуекелдердің ірі қоржынын қолдауға негізделеді және, мәні бойынша, түпкілікті нәтиже мәндерінің шашырауын азайтуға ықпал етеді.

Сақтандыру қызметі жөніндегі стратегия сақтандыруға жататын қызмет түрлерін, қызметі сақтандыруға жататын аумақты және Компания сақтандыруға дайын қызмет салаларын айқындайтын бизнес-жоспарда баяндалған.

Сақтандыру өнімдерінің тарифтері мен бағаларын есептеу ағымдағы нарықтық шарттарды көрсетеді және қаржылық тәуекелдерді едәуір азайтуға бағытталған болашақ нәтижелерді түзету үшін қажетті неғұрлым ықтимал болжамдарды жабады.

Сақтандыру өкілеттіктерінің қатаң сақталуын басшылық үнемі бақылап отырады. Компанияның Директорлар кеңесі арнайы рұқсатты талап ететін мәмілелерді қарайды және бекітеді.

*(ii)* ***Қайта сақтандыру жөніндегі стратегия***

Компания өзінің шығындардың туындау тәуекелін басқару және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру тәуекелдерінің бір бөлігін қайта сақтандырады. Компания Компанияның таза тәуекелін төмендету және төлем қабілеттілігінің нақты шегінен аспау мақсатында факультативтік қайта сақтандыру мен облигаторлық қайта сақтандыруды сатып алады.

Берілген қайта сақтандыру кредиттік тәуекелді қамтиды және осындай қайта сақтандыру бойынша өтелетін сомалар резервтер мен үмітсіз борыштар шегеріле отырып ұсынылады. Компания үнемі қайта сақтандырушылардың қаржылық шарттарына мониторинг жүргізеді және қайта сақтандыру жөніндегі шарттарды кезең-кезеңмен қайта қарайды. Компания ай сайынғы негізде қайта сақтандырушылардың қаржылық және кредиттік рейтингіне мониторинг жүргізеді, сондай-ақ тоқсан сайынғы және жыл сайынғы негізде қайта сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығына талдау жүргізеді.

Компания жеке дара жағдай нәтижесінде туындайтын шығындардың тәуекелін бақылау мақсатында залалдарды шектейтін қайта сақтандыру жөніндегі қандай да бір келісімдерді пайдаланбайды.

**(б) Сақтандыру шарттарының талаптары және өтелетін тәуекелдердің сипаты**

Төменде сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын ақша қаражатының сомасына, мерзіміне және болашақ қозғалысының белгісіздігіне елеулі әсері бар сақтандыру шарттарының талаптары көрсетілген. Бұдан басқа, төмендегі сипаттама Компанияның негізгі өнімдері және олар арқылы Компания тиісті тәуекелдерді басқаратын тәсілдер туралы түсінік береді.

*(i)* ***Сақтандыру шарттары - Басқа да қаржылық залалдардан сақтандыру***

*Өнімнің ерекшеліктері*

Басқа қаржылық залалдардан сақтандыру - экспорттаушы ұйымның шетелдік контрагент-импорттаушының келісімшартты орындауына қатысты мүліктік мүддесін қорғайды.

Өтелетін тәуекелдер:

Саяси сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

- транзит елі мемлекеттік органының не қазақстандық тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті жеткізу межелі елдің әрекеті не экспорттаушыға меншік құқығында тиесілі шетелдік контрагент елінің тауарға, жұмысқа, көрсетілетін қызметке, орындалған жұмыстың нәтижесіне меншік құқығын экспроприациялау, тәркілеу, шектеу жөніндегі әрекеті;
- қазақстандық тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті жеткізу межелі елдің мемлекеттік органының осы тауарды беруді, жұмысты орындауды, қызмет көрсетуді шектейтін немесе тыйым салатын күтпеген іс-әрекеті;
- сақтандырылған келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін соғыс, азаматтық толқу, Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі жаппай сипаттағы тәртіпсіздік;

- шетел контрагенті елінің мемлекеттік органының еркін айырбасталатын валютаға айырбастауды және/немесе төлемді аударуды жүзеге асыруды шектейтін немесе тыйым салатын күтпеген әрекеті.

Коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

- шетелдік контрагенттің банкроттығы;
- шетелдік контрагенттің келісімшартқа сәйкес қаржылық міндеттемелерін орындамауы.

*Тәуекелдерді басқару*

Тәуекелдерді бағалау әрқашан экспорттаушы сақтандырғысы келетін мәміленің ерекшелігіне негізделеді. Компанияда тәуекелдерді бағалау екі компоненттен тұрады: саяси немесе елдік тәуекелдерді бағалау және коммерциялық тәуекелдерді бағалау. Жобаларды бағалау елдік (саяси) тәуекелді және контрагенттің шетелдегі сенімділігіне байланысты тәуекелді бағалау негізінде жүзеге асырылады.

*Коммерциялық тәуекелдерді бағалау*

Компания сатып алушының сенімділігін анықтау үшін әрбір мәмілені жеке бағалайды. Коммерциялық тәуекелдерді бағалау кезінде Компания сатып алушының елін, саласын, нарықтық ұстанымын және қаржылық жағдайын бағалауға негізделеді.

*Сақтандыру тәуекелін бағалау*

Компания елдердің тізіміне және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) жариялайтын тәуекелдер бойынша елдердің жіктелуіне сәйкес елдік тәуекелдерді бағалайды. Бұл тізім сондай-ақ ЭЫДҰ-на мүше елдердің экспорттық кредиттерді сақтандыру агенттіктеріне елдердің санаттары бойынша сақтандыру мерзіміне байланысты сыйлықақы мөлшерлемелерін ұсынады.

*(ii) Сақтандыру шарттары - Қарыздарды сақтандыру*

*Өнімнің ерекшеліктері*

Қарыздарды сақтандыру заңнамада және кредиттік шартта белгіленген тәртіппен экспорттаушы ұйымның (қарыз алушының) кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді орындамауына (тиісінше орындамауына) байланысты болған залалдарды өтеу міндетіне байланысты кредиттік ұйымның мүліктік мүддесін қорғайды.

Өтелетін тәуекелдер:

Саяси сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

- Кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін соғыс, азаматтық толқу, Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі жаппай сипаттағы тәртіпсіздік;
- мемлекеттік органның еркін айырбасталатын валютаға айырбастауды және/немесе төлемді аударуды жүзеге асыруды шектейтін немесе тыйым салатын күтпеген әрекеті.

Коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

- Сақтанушының Кредиттік шарттың талаптарына сәйкес ақшалай міндеттемелерін орындамауы (тиісінше орындамауы);
- Сақтанушының банкроттығы.

*Тәуекелдерді басқару*

Тәуекелдерді айқындау қарыз алушының барабар бағалауына, оның қаржылық жай-күйіне, саяси, елдік және коммерциялық тәуекелдерді бағалауға негізделеді. Жобаларды бағалау қарыз алушының төлем қабілеттілігімен және оған әсер етуге қабілетті факторлармен байланысты кредиттік тәуекелін талдау негізінде жүзеге асырылады.

### *(iii) Қайта сақтандыру шарттары - Жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілік*

Компания Қазақстан Республикасында сақтандырудың ерікті түрлері бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды жүзеге асырады.

*Тәуекелдерді басқару*

Осыған ұқсас тәуекелдерді бағалау әрқашан экспорттаушы сақтандырғысы келетін мәміленің ерекшелігіне негізделеді. Компанияда тәуекелдерді бағалау екі компоненттен тұрады: саяси және елдік тәуекелдерді бағалау және коммерциялық тәуекелдерді бағалау. Жобаларды бағалау елдік (саяси) тәуекелді және контрагенттің шетелдегі сенімділігіне байланысты тәуекелді бағалау негізінде жүзеге асырылады.

### (в) Сақтандыру тәуекелдерінің шоғырлануы

Компания бетпе-бет келетін сақтандыру тәуекелінің негізгі аспектісі сақтандыру тәуекелінің шоғырлану дәрежесі болып табылады, ол белгілі бір жағдай немесе жағдайлар сериясы Компанияның міндеттемелеріне едәуір дәрежеде әсер етуі мүмкін болған кезде орын алуы мүмкін. Мұндай шоғырланулар жалғыз сақтандыру шартына немесе байланысты сақтандыру шарттарының аздығына байланысты туындауы мүмкін және елеулі міндеттемелер туындауы мүмкін мән-жайларға жатады. Сақтандыру тәуекелін шоғырландырудың маңызды аспектісі оның жекелеген сыныптардың белгілі бір саны немесе шарттар сериясы шеңберінде тәуекелдерді жинақтау нәтижесінде туындауы мүмкін екендігі болып табылады.

Тәуекелдің шоғырлануы залалдың ауырлығы жоғары дәрежедегі оқиғалардың, сондай-ақ дүлей зілзалалар сияқты туындау жиілігі төмен оқиғалардың нәтижесінде және андеррайтинг белгілі бір географиялық орналасу немесе демографиялық үрдіс сияқты белгілі бір топпен шектелетін жағдайларда туындауы мүмкін.

Компанияның осы тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері - екі жақты. Біріншіден, тәуекел тиісті андеррайтинг жолымен басқарылады. Егер күтілетін пайда қабылданатын тәуекелдерге шамалас болмаса, андеррайтерлерге тәуекелдерді сақтандыруға рұқсат етілмейді.

Екіншіден, тәуекел қайта сақтандыруды пайдалану жолымен басқарылады. Компания міндеттемелер мен мүлікті сақтандыру жөніндегі қызметтің әртүрлі санаттары үшін қайта сақтандыру бойынша өтемді сатып алады. Компания тұрақты негізде қайта сақтандыру бағдарламасына байланысты шығындар мен пайданы бағалайды.

### (г) Тәуекелге жалпы жиынтық ұшырау

Компания тәуекелдің шоғырлануына қатысты қабылдауға дайын тәуекелге жалпы жиынтық бейімділікті белгілейді. Ол тәуекелді бағалау кезінде де, Компания ұшыраған түйінді жиынтық тәуекелдерді көрсететін есептерді зерделеу арқылы ай сайынғы негізде де осы ұшырау мониторингін жүзеге асырады. Компания Компания ұшыраған қайта сақтандыру жөніндегі бағдарламалардың тиімділігін және таза ықпалын өлшеу мақсатында жиынтық тәуекелдерге мониторинг жүргізу үшін бірнеше модельдеу құралдарын пайдаланады.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның 173 қолданыстағы сақтандыру шарты болған (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 176 сақтандыру шарты).

«Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру» сыныбы бойынша кіріс және шығыс қайта сақтандыру шарттарының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қолданыстағы міндеттемелердің көлемі (сақтандыру сомасы) жоқ. Бұл ретте Компанияда залалдар бойынша статистика бар және соның салдарынан залалдар резервтері қалыптастырылады.

*Қызметтің әртүрлі бағыттарының тәуекелге ұшырауы*

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізгі белгіленген шоғырлану мынадай түрде берілген:

| | Аудиттелмеген | | |
|---|---|---|---|
| **Сақтандыру түрі** | **Сақтандырудың жалпы сомасы мың теңге** | **Қайта сақтандыру сомасы мың теңге** | **Меншікті ұстап қалу (қайта сақтандырғаннан кейін) мың теңге** |
| **Ерікті сақтандыру** | | | |
| Азаматтық-құқықтық жауапкершілік | 12,673,730 | - | 12,673,730 |
| Басқа қаржы залалдарынан сақтандыру | 30,701,817 | (5,624,640) | 25,077,177 |
| Қарыздарды сақтандыру | 150,136,099 | - | 150,136,099 |
| Басқа да ерікті сақтандыру | 15,856,213 | (982,691) | 14,873,522 |
| **Жиыны** | **209,367,859** | **(6,607,331)** | **202,760,528** |

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі белгіленген шоғырлану мынадай түрде берілген:

| **Сақтандыру түрі** | **Сақтандырудың жалпы сомасы мың теңге** | **Қайта сақтандыру сомасы мың теңге** | **Меншікті ұстап қалу (қайта сақтандырудан кейін) мың теңге** |
|---|---|---|---|
| **Ерікті сақтандыру** | | | |
| Азаматтық-құқықтық жауапкершілік | 12,475,607 | - | 12,475,607 |
| Басқа қаржы залалдарынан сақтандыру | 30,287,634 | (5,624,640) | 24,662,994 |
| Қарыздарды сақтандыру | 120,246,722 | - | 120,246,722 |
| Басқа да ерікті сақтандыру | 16,513,119 | (821,903) | 15,691,216 |
| **Жиыны** | **179,523,082** | **(6,446,543)** | **173,076,539** |

## (д) Залалдар тарихы

Компания сақтандыру шарттары бойынша резервтерді есептеу үшін статистикалық әдістерді пайдаланады. Жұмыс берушінің азаматтық жауапкершілігін қоспағанда, барлық сақтандыру шарттары бойынша талаптардың сомасы мен мерзіміне қатысты белгісіздік әдетте бір жыл ішінде шешіледі.

Осы кесте өткен кезеңдер үшін төленбеген залалдарды бағалаудың жеткіліктілігіне тарихи шолу жасағанымен, осы қаржылық ақпаратты пайдаланушылар ағымдағы кезеңнің төленбеген залалдар балансына өткен кезеңдердің артық немесе тапшылығын экстраполяциялау кезінде сақтық сақтауға тиіс. Компания 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жалпы жабылмаған залалдар дұрыс бағаланды деп есептейді. Алайда, белгісіздік резервтерін қалыптастыру үдерісіне тән болғандықтан, бұл бағалау ақыр соңында барабар болады деген абсолюттік сенім жоқ.

**2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы залалдардың дамуын талдау (брутто) - барлығы**

| | Залал жылы | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мың теңге | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | Аудиттелмеген 2021 жылғы 30 маусым | Жиыны |
| **Кумулятивтік залалды бағалау** | | | | | | | | | |
| Залал жылының соңына | 287,453 | 429,562 | 1,419,905 | 935,213 | 297,850 | 1,943,018 | 4,899,822 | 4,471,827 | 4,471,827 |
| - бір жылдан кейін | 289,674 | 285,243 | 1,934,327 | 1,003,008 | 520,009 | 2,087,545 | 4,711,080 | - | 4,711,080 |
| - екі жылдан кейін | 273,674 | 206,683 | 2,055,213 | 1,246,757 | 392,134 | 1,583,983 | - | - | 1,583,983 |
| - үш жылдан кейін | 293,618 | 255,458 | 2,200,925 | 1,051,914 | 262,096 | - | - | - | 262,096 |
| - төрт жылдан кейін | 383,563 | 472,215 | 2,082,347 | 917,366 | - | - | - | - | 917,366 |
| - бес жылдан кейін | 601,266 | 366,822 | 1,969,403 | - | - | - | - | - | 1,969,403 |
| - алты жылдан кейін | 504,180 | 253,989 | - | - | - | - | - | - | 253,989 |
| - жеті жылдан кейін | 393,473 | - | - | - | - | - | - | - | 393,473 |
| **2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша кумулятивтік залалды бағалау (аудиттелмеген)** | **393,473** | **253,989** | **1,969,403** | **917,366** | **262,096** | **1,583,983** | **4,711,080** | **4,471,827** | **14,563,217** |
| 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша кумулятивтік төлемдер (аудиттелмеген) | 227,216 | 88,463 | 1,803,988 | 746,108 | 53,956 | 1,411,543 | 241,796 | - | 4,573,070 |
| **2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша төленбеген залалдар бойынша барлық міндеттемелер (аудиттелмеген)** | **166,257** | **165,526** | **165,415** | **171,258** | **208,140** | **172,440** | **4,469,284** | **4,471,827** | **9,990,147** |

## 2020 жылғы залалдардың дамуын талдау (брутто) - барлығы

| | Залал жылы | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **мың теңге** | **2013 ж.** | **2014 ж.** | **2015 ж.** | **2016 ж.** | **2017 ж.** | **2018 ж.** | **2019 ж.** | **2020 ж.** | **Жиыны** |
| **Кумулятивтік залалды бағалау** | | | | | | | | | |
| Залал жылының соңына | 110,144 | 287,453 | 429,562 | 1,419,905 | 935,210 | 297,850 | 1,943,018 | 4,900,313 | 4,900,313 |
| - бір жылдан кейін | 114,866 | 289,674 | 285,243 | 1,934,327 | 1,003,008 | 520,009 | 2,087,545 | - | 2,087,545 |
| - екі жылдан кейін | 150,007 | 273,674 | 206,683 | 2,055,213 | 1,246,757 | 392,134 | - | - | 392,134 |
| - үш жылдан кейін | 116,426 | 293,618 | 255,457 | 2,200,925 | 1,051,914 | - | - | - | 1,051,914 |
| - төрт жылдан кейін | 171,237 | 383,563 | 472,214 | 2,082,347 | - | - | - | - | 2,082,347 |
| - бес жылдан кейін | 256,264 | 601,266 | 366,822 | - | - | - | - | - | 366,822 |
| - алты жылдан кейін | 493,434 | 504,180 | - | - | - | - | - | - | 504,180 |
| - жеті жылдан кейін | 382,467 | - | - | - | - | - | - | - | 382,467 |
| **2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кумулятивтік залалды бағалау** | **382,467** | **504,180** | **366,822** | **2,082,347** | **1,051,914** | **392,134** | **2,087,545** | **4,900,313** | **11,767,722** |
| 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кумулятивтік төлемдер | 104,108 | 225,821 | 88,463 | 1,803,988 | 746,108 | 53,956 | 1,411,543 | 5,364 | 4,439,351 |
| **2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төленбеген залалдар бойынша барлық міндеттемелер** | **278,359** | **278,359** | **278,359** | **278,359** | **305,806** | **338,178** | **676,002** | **4,894,949** | **7,328,371** |

# 5 Сыйлықақылар

| **Аудиттелмеген 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін мың теңге** | **Ерікті сақтандыру** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мүлікті сақтандыру** | **Басқа да қаржылық залалдардан сақтандыру** | **Қарыздарды сақтандыру** | **Өзге де ерікті сақтандыру** | **Жиыны** |
| Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, брутто | - | 126,832 | 1,618,672 | 35 | 1,745,539 |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резервтегі өзгеріс, брутто | - | 129,882 | (619,485) | 131,486 | (358,117) |
| **Еңбек сіңірген сақтандыру сыйлықақылары, брутто** | **-** | **256,714** | **999,187** | **131,521** | **1,387,422** |
| Минус: қайта сақтандырушыларға берілген сақтандыру сыйлықақылары | - | (2,100) | - | - | (2,100) |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резервтің брутто өзгерісіндегі қайта сақтандырушылардың үлесі | - | (23,047) | - | - | (23,047) |
| **Қайта сақтандыруға берілген еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары** | **-** | **(25,147)** | **-** | **-** | **(25,147)** |
| **Еңбекпен тапқан сақтандыру сыйлықақылары, нетто** | **-** | **231,567** | **999,187** | **131,521** | **1,362,275** |

| **Аудиттелмеген 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін мың теңге** | **Ерікті сақтандыру** | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мүлікті сақтандыру** | **Басқа да қаржылық залалдардан сақтандыру** | **Қарыздарды сақтандыру** | **Өзге де ерікті сақтандыру** | **Жиыны** |
| Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, брутто | - | 138,785 | (59,113) | - | 79,672 |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резервтегі өзгеріс, брутто | 848 | 107,260 | 606,30 | 60,716 | 775,125 |
| **Еңбек сіңірген сақтандыру сыйлықақылары, брутто** | **848** | **246,045** | **547,18** | **60,716** | **854,797** |
| Қайта сақтандырушыларға берілген сақтандыру сыйлықақылары | - | - | - | - | - |
| Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша резервтің брутто өзгерісіндегі қайта сақтандырушылардың үлесі | - | (17,509) | (20,585) | - | (38,094) |
| **Қайта сақтандыруға берілген еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары** | **-** | **(17,509)** | **(20,585)** | **-** | **(38,094)** |
| **Еңбекпен тапқан сақтандыру сыйлықақылары, нетто** | **848** | **228,536** | **526,603** | **60,716** | **816,703** |

# 6 Келтірілген талаптар

| Аудиттелмеген 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін мың теңге | Міндетті сақтандыру | Ерікті сақтандыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жұмыс берушінің жауапкершілігі | Мүлікті сақтандыру | Басқа да қаржы залалдарынан сақтандыру | Қарыздарды сақтандыру | Өзге де ерікті сақтандыру | Жиыны |
| Төленген талаптар | 1,398 | - | 236,428 | - | - | 237,826 |
| **Қайта сақтандыруды шегергендегі төленген талаптар** | **1,398** | **-** | **236,428** | **-** | **-** | **237,826** |
| Келтірілген, бірақ мәлімделмеген залалдарға резервтердің өзгеруі | 21,479 | - | (1,134,026) | 3,489,842 | 113,520 | 2,490,815 |
| Мәлімделген, бірақ төленбеген талаптарға резервтерді өзгерту | - | (52,937) | (80,751) | 340,425 | (35,776) | 170,961 |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылар үлесінің өзгеруі | 5,855 | 2,591 | - | - | - | 8,446 |
| **Қайта сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі өзгеріс, нетто** | **27,334** | **(50,346)** | **(1,214,777)** | **3,830,267** | **77,744** | **2,670,222** |
| Кері талап бойынша өтеу | - | - | (91,009) | - | - | (91,009) |
| **Төленген талаптар, нетто** | **28,732** | **(50,346)** | **(1,069,358)** | **3,830,267** | **77,744** | **2,817,039** |

| Аудиттелмеген 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін мың теңге | Міндетті сақтандыру | Ерікті сақтандыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жұмыс берушінің жауапкершілігі | Мүлікті сақтандыру | Басқа да қаржы залалдарынан сақтандыру | Қарыздарды сақтандыру | Өзге де ерікті сақтандыру | Жиыны |
| Төленген талап | 21,005 | - | - | 1,143,094 | 2,566 | 1,166,665 |
| **Қайта сақтандыруды шегергендегі төленген талаптар** | **21,005** | **-** | **-** | **1,143,094** | **2,566** | **1,166,665** |
| Келтірілген, бірақ мәлімделмеген залалдарға резервтердің өзгеруі | (61,158) | 22 | (824,683) | 2,857,953 | 41,920 | 2,014,054 |
| Мәлімделген, бірақ төленбеген талаптарға резервтерді өзгерту | (2,811) | (48,323) | 246,050 | (1,227,703) | (14,857) | (1,047,644) |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылар үлесінің өзгеруі | 18,279 | 4,378 | - | - | - | 22,657 |
| **Қайта сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі өзгеріс, нетто** | **(45,690)** | **(43,923)** | **(578,633)** | **1,630,250** | **27,063** | **989,067** |
| Кері талап бойынша өтеу | - | - | - | - | - | - |
| **Төленген талаптар, нетто** | **(24,685)** | **(43,923)** | **(578,633)** | **2,773,344** | **29,629** | **2,155,732** |

# 7 Пайыздық кірістер/(шығыстар)

| | **Аудиттелмеген 2021 жыл 30 маусымда аяқталған алты ай үшін мың теңге** | **Аудиттелмеген 2020 жыл 30 маусымда аяқталған алты ай үшін мың теңге** |
|---|---|---|
| **Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер** | | |
| Банктердегі депозиттер және ақша қаражаты және олардың баламалары | 2,303,674 | 2,263,000 |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 1,028,145 | 245,403 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 928,825 | 577,822 |
| | **4,260,644** | **3,086,225** |
| **Өзге де пайыздық кірістер** | | |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар | 28,821 | 22,921 |
| | **28,821** | **22,921** |
| **Пайыздық шығыстар** | | |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-нан қарыз бойынша пайыздық шығыс | (8,925) | (10,300) |
| | **(8,925)** | **(10,300)** |

# 8 Табыс салығы бойынша шығыс

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы ағымдағы табыс салығы бойынша Компанияның шығысы 647,787 мың теңгені құрайды, аудиттелмеген (2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: 403,600 мың теңге, аудиттелмеген). Ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтың қолданылатын мөлшерлемесі 20%-ды құрайды.

Пайдаға салынатын салық бойынша шығыс осы аралықта толық сомада танылған белгілі бір объектілердің салық әсеріне түзетумен, барлық қаржы жылындағы пайдаға салынатын салықтың орташа алынған жылдық мөлшерлемесін басшылықтың ең жақсы бағалауына тең мөлшерлемеге аралық есепті кезеңге салық салынғанға дейін пайда (залал) көрсеткішін көбейту жолымен айқындалған сомада танылады.

Осылайша, аралық қаржылық ақпараттағы тиімді салық мөлшерлемесі жылдық қаржылық есептілік үшін басшылық орындаған тиімді салық мөлшерлемесінен ерекшеленуі мүмкін.

2021 жылдың барлық қаржы жылындағы пайдаға салынатын салықтың орташа алынған жылдық мөлшерлемесі болған, бірақ мәлімделмеген шағымдар бойынша резервті қалыптастыру бойынша шегерілетін шығыстардың болуына байланысты 24% мөлшерінде бағаланады. 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде салық есебінде танылған болған, бірақ мәлімделмеген шағымдар бойынша резервті қалыптастыру бойынша шығыстарды шегеруден түсетін салықтық әсер келесі алты айдағы салық әсеріне ұқсас болады.

2020 қаржы жылындағы пайдаға салынатын салықтың орташа алынған жылдық мөлшерлемесі регрестік талап бойынша өтеуге байланысты салық салынатын табыстың болуына байланысты 28% мөлшерінде бағаланды. 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде осы табысты салық есебінде танудан түскен салықтық нәтиже келесі алты айдағы салық әсеріне ұқсас болды.

Компанияның 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы жалғасатын қызметіне қатысты тиімді салық мөлшерлемесі 24%-ды құрады (2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: 28%).

**Табыс салығының тиімді мөлшерлемесін есептеу:**

| | Аудиттелмеген 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін мың теңге | % | Аудиттелмеген 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін мың теңге | % |
|---|---|---|---|---|
| **Салық салуға дейінгі пайда** | 2,754,885 | 100 | 1,435,225 | 100 |
| Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы | (550,977) | (20) | (287,045) | (20) |
| Инвестициялық бағалы қағаздардан салық салынбайтын табыс | 395,838 | 14 | 100,418 | 7 |
| Болған, бірақ мәлімделмеген залалдар бойынша резервті қалыптастыру бойынша шегерілетін шығыстар. | (498,163) | (18) | - | - |
| Салық есебіндегі кері талап бойынша өтемді тануға байланысты салық салынатын табыс | - | - | (228,619) | (16) |
| Салық салынбайтын өзге де кірістер | 5,515 | 0.2 | 11,646 | 0.8 |
| | (647,787) | (24) | (403,600) | (28) |

# 9 Ақша қаражаты және олардың баламалары

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрсетілген ақша қаражаты мен олардың баламалары мыналарды қамтыды:

| **мың теңге** | **Аудиттелмеген 2021 жылғы 30 маусым** | **2020 жылғы 31 желтоқсан** |
|---|---|---|
| **Банктердегі ағымдағы шоттар және талап етілмелі депозиттер** | | |
| «BBB +» -тен «BBB+» -ке дейінгі кредиттік рейтингпен | 97,347 | 22,942 |
| «BB-» -тен «BB +» -ке дейінгі кредиттік рейтингпен | 1,067,286 | 626,816 |
| «B-» -тен «B+» -ке дейінгі кредиттік рейтингпен | 4 | 23 |
| Рейтингі жоқ (Ситибанк Қазақстан) | 9,433,695 | 9,129,820 |
| | **10,598,332** | **9,779,601** |
| Залалдарға арналған бағалау резерві | (305) | (279) |
| **Банктердегі ағымдағы шоттар мен талап етуге дейінгі депозиттердің жиыны** | **10,598,027** | **9,779,322** |

Кредиттік рейтинг деп Standard and Poor's, Fitch Ratings, Moody's Investors Service агенттіктерінің шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі түсініледі.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның үлесіне меншікті капиталдың 10%-дан астамы тиесілі банктерде қалдықтары болмаған (2020 жылғы 31 желтоқсан: банктерде қалдықтары болмады).

2021 жылғы 30 маусымдағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердегі шоттар мен депозиттер кредиттік тәуекелдің 1-деңгейінің сатысына жатқызылды. Компания 12 айлық күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада ақша қаражаты және олардың баламалары бойынша залалдарға арналған бағалау резервін таныды.

# 10 Банктердегі депозиттер

